



2026-2027 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің циклограммасы

Ересек "Болашақ" тобы

Музыка жетекшісі: Рақыжанова А.А.

2026 -2027 оқу жылы.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Al-Adil» бөбекжай - балабақшасы

Топ ересек «Болашақ» тобы

Балалардың жасы 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 02 қыркүйек 2026 жыл

Сәрсенбі

Тақырыбы: «Қос дабыл»

(Дыбыстың биіктігін айыру үшін арналған ойын)

Максаты: Көңілді, сабырлы, мұнды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу.

1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.

2. Ән айту. Гүрілдей кеп қағылды.

Танып тұрмыз дабылды.

Там – та – ра – там Там – та – ра – там

Там – та – ра – там Там – та – ра – там


Шінкілдей кеп қағылды.

Танып тұрмыз дабылды.

Ти – та – ра – ти Ти – та – ра – ти

Ти – та – ра – ти Ти – та – ра – ти

Балалар екі шеңбер жасап тұрады: сыртқы (Үлкен) және ішкі (Кіші.) Ойын басталғанша тәрбиеші өзінің қалауы бойынша үлкен немесе кіші дабылда ойнайды. Үлкен дабылда ойнағанда сыртқы шеңбердегі балалар айналып жүріп әндетеді, кіші дабылда ойнағанда ішкі шеңбердегі балалар айналып жүріп ән салады.

Тексерген әдіскер: Құқышева Е.П. 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Al-Adil» бөбекжай - балабақшасы

Топ ересек «Болашақ» тобы

Балалардың жасы 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 7 - 9 қыркүйек 2026 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
Тақырыбы: «Музыкалық моншақтар» Максаты: Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар. 1. Балалар көңілді музыкамен адымдап әуен залына кіреді. Әуен ырғағына сай әр-түрлі жүріс-түрлерін жасайды. Отбасы мүшелерінің мамандықтардың суреттері ілінген. Балалармен отбасындағы дәстүрлі мерекелер туралы әңгімелесу. Отбасы туралы такпак, мақал-мәтел сайысын ұйымдастыру. 2. Музыка тыңдау «МеніңОтаным». Ө.Байділдаев. -Отандегеннемене? 3. Ән айту. «Ата ананы тыңдаймыз». Бота Бейсенова түсіру. 2. Қолды жоғары көтеріп денені оңға, солға иілту. 3. Жалаушаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу. 4. Жалаушаны ұстап жүру.	Тақырыбы: «Балақан да алақан» Максаты: Отбасы мүшелерін атауға,білуге үйрету. 1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Балалар дөңгелене шеңбер жасап отырады. Музыка ойнаған кезде, балалар ән ырғағына ілесіп, қол соғып, өлең айтады. Алақандарын басқалардан бөлек, жаңылыс сокқандар, не басқадай бір қылығымен ойын тәртібін бұзғандар «кінәлі бала» болып табылады. Оларды ортаға жеке шығарып, кінәсін ақтау үшін өлең, такпак айтқызып, билетеді. 2. Ән айту. Кел балалар, шапалақтап Алақанды ұрайық. Жанылғанды ортаға ап, Бір өнерін сұрайық. Қ – сы Ла – ла – ла – ла, Балақан. Ла – ла – ла –ла, Алақан. Бәрі қол шапалақтап, өлең қайырмасын айтып тұрып, кінәлі баланы бақылайды. Оны тапқан кезде, айыбына ән, би, немесе такпак сұрайды. Кінәлі бала айыбын өтеген соң, ойын одан әрі жалғасады. Бәрі сол балаға бұрылып тұрып, былай дейді. Соғылғанда алақан, Жаңылдың сен, балақан. Шаю үшін кінәнді, Көрсет бір өнерінді.

Тексерген әдіскер: *Бұржаева Е.П.*

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Al-Adil» бөбекжай - балабақшасы

Төп ересек «Болашақ» тобы

Балалардың жасы 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 14 - 16 қыркүйек 2026 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
Тақырыбы: «Музыкалық моншақтар» Мақсаты: Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар. 1. Балалар көңілді музыкамен алымап әуен талына кіреді. Әуен ырғағына сай әр-түрлі жүріс-түрлерін жасайды. Отбасы мүшелерінің мамандықтардың суреттері ілінген. Балалармен отбасындағы дәстүрлі мерекелер туралы әңгімелесу. Отбасы туралы тақпақ, мақал-мәтел сайысын ұйымдастыру. 2. Ән айту. «Ата анамы таныдаймыз». Бота Бейсенова «Үстәз ана» Бота Бейсенова. Әнді айта алмайтындығын анықтап, әуенді елемей бірігіп, таза орындау қажет. Ән айтар кезінде дауысты қалыңда келтіру, ән айту ерекшелігін естен шығармау. 4. Музыкалық-ырғақты көнелік: «Ақ қайың-бұл, Ақ қайың-сұлу, бұл ағаш, бұл түсіне ақшын ұшырса, жұртасын билегенге болады»	Тақырыбы: «Көленке» Мақсаты: Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету. Әуенді тыңдап, қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу. 1. Музыка талына балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Көлбен көлбен көленкем, Көлбендеген көленкем! Қане қатар тұрайық, Үлкен шенбер құрайық 2. Ән айту. Ән ырғағымен балалар бүркітше қанат қағады, еңкейіп саусақтарымен жер тірейді. Көленкелер қайталап қимыл жасайды. Көлбен – көлбен көленкем, Көлбендеген көленкем! Қасқыр қалай жүреді, Кім көрсете біледі? 3. Музыкалық-ырғақты қимыл: (Қасқырдың жүрісін бейнелейді)

Мексесен әзісхер: Қыдырбаева Е. П. *қыдырбаева*

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Al-Adil» бөбекжай - балабақшасы

Топ ересек «Болашақ» тобы

Балалардың жасы 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 21 - 23 қыркүйек 2026 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
Тақырыбы: «Ән салған кім?» Мақсаты: Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету. Әуенділікпен ойнауға және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу. 1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақта, балаларға сырттан беріп отырған бала, ән салған баламен дауыспен таныу күрек. Отырған бала ән салған баламен дауысынан таныса, олар орын ауыстырады. (теңберді айыру үшін арналған ойын) 2. Ән айту. Көп бала бір болып. Бірі ғана ән салады. Ал сырттағы Кім екен деп танысады Бір бала былай деп әндетеді. Мен бақытты бөбекпін, Таудай биік талыпым, Ән мен күйге керекпін, Бірден қатып аламын.	Тақырыбы: «Қос дабыл» (Дыбыстың биіктігін айыру үшін арналған ойын) Мақсаты: Көңілді, сабырлы, мұңлы музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, танымдыққа баулу. 1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. 2. Ән айту. Гүрілдей көп қағылды, Танып тұрмыз дабылды. Таң - та - ра - таң. Таң - та - ра - таң. Таң - та - ра - таң. Таң - та - ра - таң. Шыңқылдай көп қағылды, Танып тұрмыз дабылды. Ті - та - ра - ті. Ті - та - ра - ті. Ті - та - ра - ті. Ті - та - ра - ті. Балалар екі шеңбер жасап тұрады: сыртқы (Үлкен) және ішкі (Кіші). Ойын басталғанша тәрбиеші өзінің қалауы бойынша үлкен немесе кіші дабылда ойнайды. Үлкен дабылда ойнағанда сыртқы шеңбердегі балалар айналып жүріп әндетеді, кіші дабылда ойнағанда ішкі шеңбердегі балалар айналып жүріп ән салады.

Мақсатпен жүзеге асырылды: Құрышева Е.П.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Al-Adil» бөбекжай - балабақшасы

Топ ересек «Болашақ» тобы

Балалардың жасы 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 28 - 30 қыркүйек 2026 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?» Максаты: Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу. 1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді. Балаларға жылдың төрт мезгілі бейнеленген суретті карточкалар таратылады. Шығармаларды тыңдап, мазмұнына, мәтініне сәйкес суретті карточканы көрсете білу. 2. Музыка тыңдау: «Ботакан» Әннің мәтінін үйрету. 4. Музыкалық-ырғақты қимыл: Аудың қимылын салу.	Тақырыбы: «Ғажайып үйшік» Максаты: Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету. Жануарлардың суретін қолдана отырып, балаларды олардың жүрісін, қимылын, дыбыстауын көрсете білуге, шығармашылыққа баулу. 1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді. Балаларға үйшіктің және қоян, балапан, бақа, күшік, т.б. суреттері ұсынылады. 2. Ән айту. Музыка жетекшісі «Жоғарығы шығымын» деп әндетеді. Балалар әуенді қайталап, өздері қалаған суретін басқышпен жоғарыға жүргізеді. Үйшікке жақындап, «Қандай ғажайып үйшік?» деп әндетеді. Келесі кезекте терезеден сурет көрсетіліп, балалар әуенді тыңдап, сәйкес келетін аңдардың, жануарлардың, балапанның, баканың, т.б. суреттерін басқыштармен жүргізіп, үйшікке кіргізеді. Балалар терезеден көрінген суретке қарап, олардың қимыл-қозғалысын салып көрсетеді.

Тексерген әдіскер: *Қурыбаева Е.П.*